

"Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 15 маусымдағы N 2330 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U952329_ жүзеге асыру мақсатында
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының заңдары "Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкестендірілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілері осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады деп б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

"Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына қайшы келетін қолданылып жүрген заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты табыс етсін;
республика Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкестендірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерінің қайта каралуын және күші жойылуын қамтамасыз етсін;

міндетті медициналық сақтандыру төлемдерінің мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, Міндетті медициналық сақтандыру қорын ұстауға және дамытуға жұмсалатын міндетті медициналық сақтандыру төлемдерінің
а у д а р ы м д а р д ы н м ө л ш е р і н ;

аумақтардың азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру жағдайында жұмыс істеуге кезең-кезеңімен көшу тәртібін; міндетті медициналық сақтандыру шарттарын жасау тәртібін; Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ уақытша болатындарды міндетті медициналық сақтандыру тәртібін; міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын бекітсін. 3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Міндетті медициналық сақтандыру қорының

бөлімшелерін ұйымдастырсын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.
Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК